

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ИНТЕРЬЕРДЕГІ ТҮС ҚОЛАЙЛЫҒЫНЫҢ МӘДЕНИ КЕҢІСТІГІ

Жарылқапова Арайлым Бауыржанқызы

akosha_beauty@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – өнертану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы З.Б. Бозтай

Әлем түстері адам баласын туылғанынан бастап қоршап,оның дүниеге деген көзқарасына, дүниетанымына әрекет ете отырып,табиғи ажырамас бөлігі ретінде қабылданады.Заманауи интерьерде түс жетекші рөл атқара отырып,жиһаздың барлық элементтерін біріктіреді.Көп жағдайда дәл осы түстің арқасында жұмыс соңында толық аяқталған бейне қалыптасады.Әрине түстік безендіруден кеңістік және реңдік композицияға бағынумен қатар стильге сәйкес болу талап етіледі.Көп өлшемді сұлулық,келістіріліп жасалған қабырғаның,еденнің және төбенің, жиһазды шерлеу мен қаптама түстерінің, кілем тіпті қабырғадағы әшекейлердің арқасында құрылады.Көптеген дизайнерлер түс-интерьердің маңызды элементі немесе оның басты негіздерінің бірі деп бекерге айтпаса керек.Себебі, қазіргі заман интерьеріндегі стилистикалық бірлік елеусіз қалып қоюда.Сондықтан, түс жиһаздың барлық элементтерін біріктіретін жетекші бастамаға айналды.

«Психикалық ғылымның иллюстрацияланған энциклопедиясы» кітабының авторлары В.Г. Гибсон мен Л.Р. Гипсон қалай түс үйлесімділігін шебер пайдалану арқылы тұрғын үй кемшіліктерінің орнын толтыруға болатынын айтқан .Оның мөлшері,нашар жарықтандыру,сәулеттік артықшылықтарды асырып, кемшіліктерін жасыружайлы, комфортты атмосфераны құру немесе құрту болып табылады.Кез келген дұрыс құрылмаған түстік композиция минималдылық пен интерьердің басқа аймағындағы керемет бөлігін құрдымға әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондай-ақ ыңғайлылық жайлы пәтерді түнеріңкі орынға айналдырып жіберуі әбден мүмкін.Осыған орай психологтар мен сарапшылар бөлменің түсін өзгертуге деген ықыласы адамның өзінде, яки өмірінде бір заттарды өзгертуге,тіпті кейде жасырын мазасыздандыруды тастап,шиеленіс пен қорқыныштан арылуға деген санадан тыс талпынысты көрсетеді дейді.

Бұл жағдайда ашық қызғылт түсті,көк түс және интерьердің,еден жабындыларының,кілем сондай-ақ көңіл күй мен психикаға пайдасы бар ыдыс-аяқ пен аксессуарлардың реңдерінің көмегі тиюі әбден мүмкін [1, 117 б.].Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша жасыл түстің барлық ашық реңктері науқастарды сауықтыруды тездететін қасиетке ие. Практикалық психологияда түстер үйлесімділігін дұрыс таңдай білу,нашар таңдалған түстердің әсерін бейтараптандыруы мүмкін деп анықталған:

- қызылдың тітіркендіргіш әсерін интерьерге жасыл дақ қосу арқылы жұмсартуға болады;

- түңілуді шақыратын ақ түстің артығын сарыны қосу арқылы дұрыс шешімдердің тиімді ізденісіне және зейіннің топталуына ықпал ете аламыз.

”Мәдени кеңістіктегі тұрғын үй аймағындағы”сарапшылар – бірдей заттардың “оңайдан қиынға” “суықтан жылыға” “алыстан жақынға ”сияқты әр түрді әсер қалдыруы мүмкін,егер, әрине ол белгілі бір түс ықпалында орналасса – деп бекітеді.Осыған байланысты қажет болған жағдайда жылы немесе суық ете отырып бөлмелердің орналасуына байланысты әсерін өзгертуге болады деп өз тұжырымдамаларымен “Декоративті композиция ”атты студенттерге арналған оқулығының авторы Г.М. Логвиненко бөліседі [2, 91 б.].

Түс тек қана адамның көру қабілетімен ғана емес, сондай-ақ басқа да сезу мүшелері және талғам арқылы қабылданады.Сонымен бірге айрықша мәнерлі үйлесімге жету арқылы басқа түстің көмегімен әлсіреген немесе күшейген болуы мүмкін, үйлеспелі орналасуына

қарап түстің ықпалы мен мінездемесін ескеру қажет. Қазіргі заман интерьерін жасау барысында қатып қалған қағида жоқ. Мәселен, кез-келген заманауи интерьер ашық реңктерде жасалады. Ағартылған еменнен жасалған жиһаз, жарықтың көптігіндегі және қызыл мен қызғылт-сары түстің сондай-ақ нәзік және романтикалық алқызыл мен жасыл реңктердің түстік үйлесімділігі мен неғұрлым көбірек ашық жарық түстер қолданылған мәртебелі сұр-сарғыш реңктегі ақ маталар.

Кез-келген екі түстің кез-келген екі музыкалық ноталар сияқты ешқандай үйлесімділік бірлігін келістіру мүмкін емес. Тек қана ең алғашқы екі нотаға-үшінші, төртінші, бесінші сияқты ары қарай қоса отыру арқылы қандай да бір гармониялы үйлесімді сапты сезінуге болады - деп жазады атақты суретші және педагог И.Иттен [3, 71 б.].

Дизайнерлер тұрғын үй интерьеріне бай және қанық түстерді таңдау барысында өте мұқият қарастыруға кеңес береді. Бұл үшін адамға таңдалып отырған интерьер ішінде болуға мүмкіндік беретін арнайы компьютерлік бағдарламалар бар. Кейбір реңктерді елестету үшін олардың ықпалын болжауға болады: қызыл жоғарыланған шаршауға әсер етеді және адам оны өзі байқамай бақылап, көріп отырып көп ұзамай психологиялық жайсыздықты сезінуі мүмкін. Түстік үйлесімділікті таңдау кезінде шешім қабылдай отырып адамның өмір сүріп жатқан жерінің ауа-райының да ерекшелігін ескеруге дизайнерлер кеңес береді.

Күн жылына бар жоғы 2, 3 ай ғана шығып, тұрғындарын қуантатын солтүстік қалаларда суық түстер интерьерде кеңінен қолданылатын болса, еуропалық елдерге мүлдем басқаша қабылдануы мүмкін. "Музаға арналған үй" атты жұмыстың авторы С.А Кононова - көңіліміз жылулылық пен жайлылықты сұрағанда ақ, көк-жасыл, көгілдір және суық сергіткіш реңктері жанға жағымды жаз үшін, жылытатын жылы түстер - ұзақ қыс үшін деп кеңес берді [4, 37 б.].

Еуропада қабылданған түстік үйлесім көптеген заманауи талаптарды, яғни композициялық құру заңдылығы, стилистикасы, түстің адам психикасына әсері және сол және басқа да кеңістіктегі әр түрлі қасиеттерінің өзгертілуі жоғары деңгейге сәйкес орындалғанын есепке алады. Еуропалықтар интерьерді безендіру барысында сол елдің ауа райын, үнемділік пен түстің мөлшерін ескереді:

-Италияда және Францияның оңтүстігінде жарқын күн және жылы ауа райы табиғи түрде интерьерді безендіру барысында қанық, жарқын бояулар мен реңктерді қолданады.

- неғұрлым суық климатты елдерде Германия, Англия тұрғындары жер түстері мен табиғи бояуларды артық көреді.

- Скандинавия елдерінде үй интерьерін безендіру барысында ашық түсті гамма, яғни солтүстік климатқа сай түстер жиі қоладанылады, - деп «Үй жайлылығы мелодиясы/Әсем интерьер» атты журнал беттерінде кеңес беріледі. № 6 [5, 13 б.]

Жаңа түстер үрдістері мен бағыттарының негізгі көзі сауда көрмелері болып табылады. Оларға өндірушілер жаңа ұсыныстар көрсетеді:

-олар батыл түстік шешімдер ұсынады;

- олар түстік болжамдарды жасайды;

- олар құрастырылған түстік палитраларды көрсетеді;

-олар табиғи сияқты, сондай-ақ жасанды түстер мен гүлденулердің стиліндегі батыл түстік шешімдерді ұсынады.

Мұндай әртүрліліктің басқа да қырлары бар. Мәселен, шексіз түстер санының арасында адасуымыз өте оңай. Батыс дизайнерлері жағымсыз түсті беймазалылықтан құтылу үшін ортақ көзқарасты дамытып және интерьер дизайнының біртектілігіне қол жеткізетін белгілі бір нүктені таңдауға кеңес береді. Нақты бір сән туралы айту өте қиын, алайда мамандардың пікірі бойынша интерьердің түстік үйлесімділігі адамның өмірлік көрінісі мен әрекетіне арқа сүйей отырып, сәндік түстік үрдісі мен бағытына әсер береді.

Өз кезегінде, «Үй жайлылығының алмасуы» атты еңбегінде автор В.И. Яковлева – интерьердегі түс үйлесімділігін таңдауға іс жүзінде шектеу қойылмайды, керісінше өзіндік және сәндік беталыстарды ашып көрсетпеу үшін адамның белгілі бір түстік тәртіпке деген қасиеттеріне айрықша мән береді- деп түсініктеме берді [6, 21, 32 б.].

Алдағы уақытта дизайнерлер енді ғана заманауи үлгіде қолданысқа ие бола бастаған сары және қызғылт-сары түспен үйлескен және кез-келген интерьерге жарамды балғын жасыл түстерге кеңес береді. Олардың пікірі бойынша бұл түс үйлесімділігі кез келген нұсқаларға жарасып біркелкі болып көрінеді. Ең керемет әсер қалдыратын түстер: жәй ғана жалыны бар баурап алатын от сәлесімен ұқсас жылы түстер. Олар қызғылт түстен бастау алып сарғылт қоңырқай түске дейін барады. Ақшыл көк, жұмсақ қызғылт және энергетикалық қызыл түстерден де бастау алады. Дизайнерлер көңілін ерекше аудартатын түстер: қызыл мен ақшыл қызыл реңктері, атап айтқанда, олардың ахроматикалық қара мен ақ түстермен астасқан металдандырылған гаммасы. Қазіргі адамдардың түске қояр талабы жоғары, би қимылдары мен әнге қояр талабынан кем емес. Мұның барлығы қазіргі адамдардың өміріндегі негізгі факторлар және олардың заманауи «жүйке жүйелері» деп жазды атақты суретші және архитектор Тео Ван Дусбург өзінің С.И Хрусталева мен бірігіп құрған «Интерьердегі түс» атты еңбегінде [7, 47, 51 б.].

Түс таңдау барысында өз-өзіңізге құлақ асу маңызды, ал содан кейін ғана қандай да болмасын белгілі бір стандартқа бағынған жөн. Композициялық түрлі нұсқалары бар әрекеттердің алдын алуға болмайды. Бұл жағдайда өзімізге есеп береміз ба жоқ па қарамастан, іскерлік келіссөздердің нәтижесіне немесе сұхбаттанушының өзін қоршаған интерьерге деген тәуелділігіне және іс-әрекетінің шешімі барысындағы реакциясы сияқты түстің де адам баласына үлкен әсері барына ешқандай күмән жоқ. Көптеген дизайнерлер өз жанына жақын түсті табу үшін гардеробты толтырып, түсті өзіне киіп қарау керек деп бекерден бекер айтпаса керек. Белгілі бір түстегі киімде өзін жайлы сезінетін адам бірнеше уақыт өткен соң, яғни көп ұзамай сондай түстегі, тіпті жай ғана ұсақ-түйек түрінде болса да өз интерьерінде сондай түстің болғанын қалайды.

Түс мәдениетін адам өмірінде жетекші принципі және гардеробтағы барлық элементтерді біріктіруші, интерьерді үйлестіруші ретінде және өз тұлғасының қалыптастырудағы қолданушы ретінде қарастырады. Адамға тек қана көру қабілеті ғана арқылы емес, сезіну, түйсіну, иіскеу және талғам арқылы әсері бар алуан жүзді палитрасын есепке алумен қатар түстік үйлесім топтамасы дәрежесіне негізделген практикалық психология аймағында анықтау дәрежесі айқындалады.

Осыған орай көптеген психологтар, ғалымдар кез-келген адамның үйіндегі, жұмыс орнындағы түсті өзгертуге деген ықыласы санадан тыс өзінде, яки өз өміріндегі бір нәрсені өзгертуге деген талпынысты білдіреді, - деп толықтай сендіреді. Өмірдегі барлық түстер адам баласын туылғаннан бастап қоршап, дүниетанымына немесе дүниеге деген көзқарасына үлкен әсерін тигізе отырып, өмірінің табиғи және ажырамас бөлігі болып қабылданады. Түс қазіргі таңда жер бетінде өмір сүріп жатқан әрбір жан үшін түстік гамманың үлкен әсерін айқындайды.

Қолданылған әдебиет

1. Гибсон В.Г. Иллюстрированная энциклопедия психических наук / В.Г. Гибсон, Л.Р. Гипсон. - Лондон, 1967.
2. Логвиненко Г.М. Декоративная композиция: учеб.пособ. для вузов. - М., 1998.
3. Иттен И. Искусство цвета. - СПб., 2008.
4. Кононова С.А. Дом для музы // Идеи вашего дома. - 2012.
5. Мелодии домашнего уюта // Красивый интерьер. - 2010. - № 6.
6. Яковлева В. Трансформация домашнего уюта // Мобильная связь. - 2011. - № 7(13).
7. Цвет в интерьере / сост. С. Хрусталева. - СПб., 2009.